ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 5 ақпан Іс № 7119-26-00-2/44 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья Ж.К.Жетібаев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің "Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер "Zakup Қазақстан" басшысы Жанар Маликовна Жексеитова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыппұл өндіру

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің "Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер "Zakup Қазақстан" басшысы Жанар Маликовна Жексеитоваға қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұл өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер "Zakup Қазақстан" басшысы Жанар Маликовна Жексеитованы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер "Zakup Қазақстан" басшысы Жанар Маликовна Жексеитовадан мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбы 5 496 (бес мың төр жүз

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 05.02.2026
Дата вступления в законную силу: 12.03.2026, судья Жетибаев Ж. К., 23.04.2026
7119-25-3-1/16159

тоқсан алты) теңге 66 тиын, 2162,5 (екі мың жүз алпыс екі) тенге 5 тиын мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 05.02.2026

Дата вступления в законную силу: 12.03.2026, судья Жетибаев Ж. К., 23.04.2026